

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына Түсіндірмелерге өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 30 қазандағы № 23 ұсынымы.

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 19-бабына сәйкес

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге осы Ұсыным Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күннен бастап:

Қосымшаға сәйкес өзгерістерді ескере отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына Түсіндірмелерді (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 7 қарашадағы № 21 ұсынымына № 1 қосымша) қолдануды ұсынады.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 30 қазандағы
№ 23 ұсынымына
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына Түсіндірмелерге енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. I томда:

1) ЕАЭО СЭҚ ТН 1211 тауар позициясына түсіндірмелердегі "Осы тауар позициясына сусындарды тікелей хош иістендіру үшін немесе сусындар шығаруға арналған экстрактыларды дайындау үшін пайдаланылатын мынадай өнімдер енгізілмейді:

(а) осы тауар позициясының әртүрлі өсімдіктерінен немесе өсімдіктердің бөліктерінен тұратын қоспалар (2106 тауар позициясы);

(б) осы тауар позициясының басқа топтарға (мысалы, 07, 09, 11 топтарына) енгізілген өсімдік өнімдері бар өсімдіктерінің немесе өсімдіктері бөліктерінің қоспалары (09 топ немесе 2106 тауар позициясы)." деген сөздер:

"Осы тауар позициясына мыналар да енгізілмейді:

(а) тұздықтарға арналған дәмдеуіштер ретінде пайдаланылатын осы тауар позициясының әртүрлі өсімдіктерінен немесе өсімдіктердің бөліктерінен тұратын қоспалар (2103 тауар позициясы);

(б) сусындарды тікелей хош иістендіру үшін немесе сусындар шығаруға арналған экстрактыларды дайындау үшін пайдаланылатын мынадай өнімдер:

(i) осы тауар позициясының әртүрлі өсімдіктерінен немесе өсімдіктердің бөліктерінен тұратын қоспалар (2106 тауар позициясы);

(ii) осы тауар позициясының басқа топтарға (мысалы, 07, 09, 11 топтарына) енгізілген өсімдік өнімдері бар өсімдіктерінің немесе өсімдіктері бөліктерінің қоспалары (09 топ немесе 2106 тауар позициясы)." деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2103 тауар позициясына түсіндірмелердің (А) бөлігінің бесінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы тауар позициясына тұздықтарға арналған дәмдеуіштер ретінде пайдаланылатын 1211 тауар позициясының өсімдіктер қоспалары немесе өсімдіктердің бөліктері де енгізілмейді."

2. V томда:

1) ЕАЭО СЭҚ ТН 9030 тауар позициясына түсіндірмелерде:

ЕАЭО СЭҚ ТН 9030 тауар позициясының атауы мынадай мазмұндағы атаумен ауыстырылсын:

"9028 тауар позициясының өлшеу приборларынан басқа, спектрдің осциллоскоптары, талдағыштары, электр шамаларын өлшеуге немесе бақылауға арналған өзге де приборлар мен аппаратура; альфа-, бета-, гамма-, рентгендік, ғарыштық немесе өзге де иондаушы сәулеленуді анықтауға немесе өлшеуге арналған өзге де приборлар мен аппаратура (+)";

мынадай мазмұндағы ЕАЭО СЭҚ ТН 9030 82 қосалқы позициясына түсіндірмемен толықтырылсын:

"Қосалқы позицияға түсіндірме.

9030 82 қосалқы позиция

Осы қосалқы позицияға интегралдық схемаларды өлшеуге немесе тексеруге арналған приборлар мен аппаратура да енгізіледі.";

2) ЕАЭО СЭҚ ТН 9031 тауар позициясына түсіндірмелерде:

"Қосалқы позицияға түсіндірме." деген сөздер ""Қосалқы позицияға түсіндірмелер." деген сөздермен ауыстырылсын;

ЕАЭО СЭҚ ТН 9031 49 қосалқы позициясына түсіндірменің алдынан мынадай мазмұндағы қосалқы позицияға жаңа түсіндірме енгізілсін:

"9031 41 қосалқы позиция

Осы қосалқы позицияға интегралдық схемаларды тексеруге арналған оптикалық приборлар мен аппаратура да енгізіледі."